

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне аккредитивтер ашу және олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 желтоқсандағы N 1430 Қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Республикалық бюджет комиссиясының:

1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне 011 "Білім және ғылым объектілерін салу және қайта жаңғырту" республикалық бюджеттік бағдарламасы бойынша "СУС" ЖАҚ-пен жасалған 2004 жылғы 15 сәуірдегі N 540 шарт, 2004 жылғы 14 желтоқсандағы оған қосымша келісім бойынша және "ҚазТрансҚұрылысСервис" ЖШС-мен жасалған 2004 жылғы 28 ақпандағы шарт, 2004 жылғы 19 желтоқсандағы оған қосымша келісім бойынша; 105 "Республикалық инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу және сараптама жасау" республикалық бюджеттік бағдарламасы бойынша "Ақ Таң" экономикалық және маркетингтік зерттеулер орталығы" ЖШС-мен жасалған 2004 жылғы 3 желтоқсандағы N 1202 шарт, 2004 жылғы 19 желтоқсандағы оған қосымша келісім бойынша, "Интерқұрылыс+" ЖШС-мен жасалған 2004 жылғы 1 желтоқсандағы N 1197 және 2004 жылғы 14 желтоқсандағы N 1227 шарттар, 2004 жылғы 14 желтоқсандағы оларға қосымша келісімдер бойынша аккредитивтер (бұдан әрі - аккредитивтер) ашу туралы;

2) аккредитивтердің қолданылу мерзімдерін 2005 жылғы 15 наурызға дейін ұзарту туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен аккредитивтер ашсын және оларды ұзартсын.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы